ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
7-бөлім
Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу негіздері

Информационная технология
ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ОТКРЫТЫХ СИСТЕМ
Основы безопасности для открытых систем
Часть 7
Основы учета событий безопасности и оперативного оповещения

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-7-2008

(ИСО/МЭК 10181-7:1996 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу негіздері», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
7-бөлім
Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу негіздері

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-7-2008
(ИСО/МЭК 10181-7:1996 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу негіздері», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1. «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі **ЕНГІЗДІ**

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 25 ақпандағы № 107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3. Осы стандартта Қазақстан Республикасы экономикасының қажеттіліктерін білдіретін қосымша талаптар көлбеу қаріппен белгіленді. «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара іс-әрекеті. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу негіздері» («Information technology. Open Systems Interconnection. Security frameworks for open systems. Security audit and alarms framework») ИСО/МЭК 10181-7:1996 халықаралық стандартына, IDT балама болып табылады.

4. БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

Осы стандарт *ҚР СТ ИСО/МЭК 10181 «Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ашық жүйелердің өзара іс-әрекеті. Ашық жүйелердің қауіпсіздік негіздері»* жалпы атауымен мынадай бөліктерден тұрады:

– 1-бөлім. Шолу.

– 2-бөлім. Сәйкестендіру негіздері.

– 3-бөлім. Қол жеткізімділікті басқару негіздері.

– 4-бөлім. Бас тартпаушылық негіздері.

– 5-бөлім. Құпиялылық негіздері.

– 6-бөлім. Біртұтастылық негіздері.

– 7-бөлім. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу негіздері.

Осы стандарт *ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1* стандартында суреттелген қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу тұжырымдамасын анықтайды. Тұжырымдама жүйедегі қауіпсіздік оқиғаларын табудан, сол сияқты оған керісінше жедел жауап қайтарудан тұрады. Сондықтан ашық жүйелер қауіпсіздігінің негіздері қауіпсіздік оқиғаларын, сол сияқты олар туралы жедел хабарлау сызбанұсқасын есепке алуға қатысты болып табылады.

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу жүйедегі оқиғаларды тәуелсіз талқылау және сараптау болып табылады. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу мақсаттары:

– рұқсат етілмеген іс-әрекеттерді немесе шабуылдарды бірдейлендіру және талдау кезінде көмек;

– белгілі бір әрекеттер мұндай әрекеттер үшін жауапты объектіге есептелуі мүмкін екендігінің кепілдігін талдау;

– залалдарды бақылаудың жетілдірілген тәртібін әзірлеуге үлес;

– қолданыстағы қауіпсіздік саясатына сәйкестігін растау;

– жүйелік бақылаудың талаптарға сәйкес келмеуін көрсетуі мүмкін есептік мәліметтер;

– басқарудың, саясаттың және қорғаныс тәртіптерінің мүмкін болатын қажетті сәйкестендіру.

Қарастырылып отырған қауіпсіздік негіздері шеңберінде қауіпсіздік оқиғаларын есепке алуға қорғаумен әр түрлі байланысты оқиғаларды есепке алу журналдарынан, сол сияқты осы журналдарды талдау нәтижелері бойынша табу, жинау және тіркеу кіреді.

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу және есептілік талаптары белгілі бір ақпаратты тіркеу қажеттігінде болып табылады. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу жұмыстың белгіленген тәртібі мен ерекше жағдайлар туралы жазылған ақпараттың жеткіліктігіне кепілдік береді. Сонымен, анағұрлым

кеш тексеру қорғаныс бұзылуының болған-болмағандығын, және нақты қандай ақпарат немесе өзге қор көздеріне қауіптілік төнгендігін анықтай алады. Есепке алуды сақтау қолданушылардың іс-әрекеттері немесе олардың атынан болып жатқан процестер туралы іске қатысты ақпаратты тіркеуге кепілдік береді. Осылайша, белгілі бір қолданушылардың іс-әрекеттері туралы бұдан арғы қорытындылар олармен тікелей байланысты болуы мүмкін, және бұл қолданушылар өз әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алуды жүргізу есептілік деңгейін жоғарылатуға ықпал жасайды.

Жедел хабарлау – бұл тез арада араласуды қажет ететін жағдайдың пайда болғанын көрсету үшін белгілі бір тұлғаға немесе процесске арналған ескертпелерді (дабыл белгілерін) беру. Жедел хабарлау сервисінің жұмыс істеу мақсаттары:

– қорғанысты бұзудың іс жүзіндегі және ықтимал әрекеттері туралы хабарлау;

– «қалыпты» оқиғаларды қоса алғанда, қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарлау;

- бастама мәндер жетістіктерінің жағдайлары туралы хабарлау.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
7-бөлім
Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу негіздері

Енгізілген күні 2008.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ашық жүйелер ортасында қауіпсіздік сервистерін қолдану міндеттерін шешуге арналған негізгі қауіпсіздік ережелерін белгілейді. «Ашық жүйелер» термині дерекқорлар, бөлінген қосымшалар, ашық бөлінген өңдеу және ашық жүйелердің байланысы (АЖБ) сияқты аумақтар түсініледі. Қауіпсіздіктің негізгі ережелері жүйелерді құру әдіснамасына және олардың механизміне қатысы жоқ.

Қауіпсіздіктің негізгі ережелері мәліметтер элементімен, сол сияқты қауіпсіздіктің ерекше сервистерін алу үшін қолданылатын әрекеттердің бірізділігін (бірақ хаттама элементтерін емес) пайдаланады. Бұл қауіпсіздік сервистері жүйелердің өзара іс-әрекет етуші маңыздарына, сол сияқты жүйелер арасында мәліметтермен алмасуға, сондай-ақ жүйелер басқаратын деректерге қолданылуы мүмкін.

Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу мақсаты осы стандартта сипатталғандай ашық жүйелердегі оқиғалар осы жүйеде әрекет етуші қауіпсіздік саясатына сәйкес ықпал жасайтынына кепілдік беруі тиіс.

Көбінесе, бұл негіздер:

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алудың негізгі тұжырымдамасын анықтайды;

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алудың қорытылған үлгісін сипаттайды;

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алудың басқа қорғаныс сервистерімен өзара байланысын анықтайды.

Қорғаныстың басқа сервистеріне қатысы сияқты қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу іске асырылушы қауіпсіздік саясатымен түпнұсқада ғана жүргізіледі.

4-бөлімде келтірілген қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу үлгісі көптеген мақсаттарды көздейді. Олардың барлығы да нақты бір ортада қажет және қалаулы бола бермейді. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу сервисіне қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына кіргізілуі тиіс оқиғаларға жөн сілтеуге мүмкіндік беретін тіркеу

органы кіреді. Аталған негіздер әртүрлі стандарттарда қолданылуы мүмкін. Соның ішінде мыналарды қоса алғанда:

1) Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу тұжырымдамасы кіретін стандарттар.

2) Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алуды қоса алғанда, абстрактілік сервистерді анықтайтын стандарттар.

3) Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алуды қолдануды сипаттайтын стандарттар.

4) Ашық жүйелер архитектурасы шегінде қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алуды қамтамасыз ету құралдарын анықтайтын стандарттар.

5) Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлау механизмдерін есепке алуды сипаттайтын стандарттар.

Осы стандарттар осы стандартты былай қолдана алады:

– 1), 2), 3), 4) және 5) түрлеріндегі стандарттар осы стандарт терминологиясын қолдануы мүмкін;

– 2), 3), 4) және 5) түрлеріндегі стандарттар 6-бөлімде сипатталған құралдарды қолдануы мүмкін;

– 5) түріндегі стандарттар 7-бөлімде берілген жедел хабарлау механизмдері сипаттамасына негізделуі мүмкін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1.9-2003 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар мен стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р ИСО/МЭК 7498-1-2008 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің байланысы. Базалық эталондық үлгі. 1-бөлім. Базалық үлгі.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1:1996 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ашық жүйелердің байланысы. Ашық жүйелер қауіпсіздігінің негіздері. 1-бөлім. Шолу.

ГОСТ ИСО 7498-2-2002 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара байланысы. Базалық эталондық үлгі. 2-бөлім. Ақпаратты қорғау архитектурасы.

3 Анықтамалар

Осы стандартта ҚР *СТ ГОСТ Р ИСО/МЭК 7498-1, ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-2008,* ГОСТ ИСО 7498-2, [7] бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1. Дабыл белгілерін өңдеу процессоры (alarm processor): Дабыл белгісіне жауап ретінде тиісті әрекетті шақыратын және қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарламаны қалыптастыратын қызмет.

3.2. Бақылаудың уәкілетті тұлғасы (audit authority): Қауіпсіздік оқиғасын есепке алуды жүргізуге қолданатын қауіпсіздік саясатының аспектілері үшін жауапты әкімгер.

3.3. Есепке алу журналын талдаушы (audit analyzer): Дабыл белгісін беруді немесе қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарламаны талап ететін жағдайды табу мақсатында қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналын талдауды іске асыратын қызмет.

3.4. Есепке алу журналының мұрағатшысы (audit archiver): Қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналының кейбір бөлігін мұрағаттау қызметі.

3.5. Есепке алу журналының диспетчері (audit dispatcher): Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналының бөлінген мәліметтерін есепке алу журналын жинаушыға қайта бағыттауды толық немесе ішінара қамтамасыз етуші қызмет.

3.6. Есепке алу журналының инспекторы (audit trail examiner): Бір немесе бірнеше есепке алу журналдары материалдарынан жүйедегі қауіпсіздік оқиғалары туралы есепті қалыптастыратын қызмет.

3.7. Қауіпсіздік оқиғаларын тіркеуші (audit recorder): Қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбаны қалыптастыратын және оларды қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына енгізетін қызмет.

3.8. Жазбалар провайдері (audit provider): Тапсырылған критерийді қанағаттандыратын есепке алу журналынан жазба беруді қамтамасыз ететін қызмет.

3.9. Есепке алу журналдарын жинаушы (audit trail collector): Бөлінген есепке алу журналдарынан алынған жазбаны қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына жинайтын қызмет.

3.10. Оқиғаларды кемітуші (event discriminator): Қауіпсіздік оқиғасын бастапқы талдауды қамтамасыз ететін, және қажет болған кезде – аталған оқиғаны және/немесе ол туралы жедел хабарлауды есепке алуға бастама жасауды қамтамасыз ететін қызмет.

3.11. Дабыл белгісі (security alarm): Қауіпсіздік саясатына сәйкес тез арада жауап қайтаруды талап ететін жүйедегі қауіпсіздік оқиғасы табылған жағдайда қалыптасатын жедел хабарлау жүйесінің хабарламасы. Дабыл белгілерін беру тиісті мәндегі назарды нақты жағдайға тез арада аудару үшін қажет.

3.12. Жедел хабарлау жүйесінің әкімшісі (security alarm administrator): Оперативтік хабарлау бойынша мәселелерді шешу үшін жауапты нақты тұлға немесе процесс.

3.13. Қауіпсіздік оқиғасы (security-related event): Қауіпсіздік саясатымен қауіпсіздіктің ықтимал бұзылуы ретіндегі немесе жүйе қорғанысына қатысы бар болуы мүмкін оқиға ретіндегі кез келген оқиға. Мұндай оқиға мысалы – алдын ала анықталған алдыңғы мән жетістігі.

3.14. Қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама (security audit message): Қауіпсіздіктің белгілі бір оқиғасы үшін есепке алу нәтижесі ретінде пайда болған хабарлама.

3.15. Қауіпсіздік оқиғасы туралы жазба (security audit record): Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына бір реттік жазба.

3.16. Қорғаныс аудиторы (security auditor): Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына қол жетімділік пен қауіпсіздік оқиғалары туралы есепті қалыптастыру рұқсат етілетін нақты тұлға немесе процесс.

3.17. Қорғаныс есебі (security report): Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы мәліметтерін талдау нәтижесі болып табылатын және қорғаныстың бұзылу фактісін анықтау үшін қолданылуы мүмкін есеп.

4 Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу

Бұл бөлім ашық жүйелер үшін қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу және олар туралы жедел хабарлау үлгісін сипаттайды.

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу қарастырылып отырған қауіпсіздік саясатының баламалығын, қорғаныс бұзылушылықтарын табу құралдарын бағалауға мүмкіндік береді, лауазымды тұлғалардың өз әрекеттері үшін (немесе олардың атынан әрекет етуші объектілер әрекеті үшін) жауап беру сезімінің артуына ықпал жасайды, қор көздерін дұрыс емес қолдануды табуға көмектеседі, жүйеге залал келтіруге әрекет жасауға қабілетті тұлғаларға қатысты қорқытушы құрал ретінде әрекет болады. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу механизмдері қорғаныстың бұзылуын болдырмауда тікелей қатыспайды, олар мұндай оқиғаларды тіркеуді және талдауды жүзеге асыра отырып, оларды табумен байланысты. Бұл штаттық емес оқиғаларға, мысалы, қауіпсіздіктің бұзылуына жауапты жүзеге асыратын тәртіптерге өзгертулерді жедел енгізуге мүмкіндік береді.

Дабыл белгісі тез арада жауап қатуды талап етуші ретінде қорғаныс саясатымен анықталатын қауіпсіздіктің кез келген оқиғасын тапқаннан кейін қалыптасады. Бұл алдын ала белгіленген алғашқы мән деңгейі жетістіктері жағдайы болуы мүмкін. Бұл оқиғалардың кейбіреулері тез арада қалпына келтіру әрекеттерін талап етуі мүмкін, ал ол уақытта басқалары қандай да бір әрекеттер талап етіле ме, және қандай әрекеттер екенін анықтау үшін одан әрі тергеуді талап етуі мүмкін.

Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу үлгілерін іске асыру кезінде қауіпсіздік оқиғаларын және жедел

хабарлауды есепке алу құралдарының жұмыс істеуін, сондай-ақ олардың нақты және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін басқа қорғаныс сервистерін тарту талап етілуі мүмкін. Бұл тақырып осы стандарттың 8-бөлімінде толығырақ қарастырылады.

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдары мен тәртіптері ерекше сипаттамада болғандығына қарамастан, есепке алудың басқа журналдары (қауіпсіздік оқиғаларын есепке алуға жатпайтын) аталған негіздерде сипатталған құралдар мен механизмдерді қолдануы мүмкін.

Қорғаныстың басқа аспектілеріне қатысы сияқты, ең жоғарғы тиімділік қауіпсіздік оқиғаларын белгілі бір есепке алу талаптары ішкі жүйелік мақсатта болуына кепілдік берілген кезде ғана қол жеткізілуі мүмкін. Сәйкесінше, жүйелік әзірлеушілер әзірлеу кезінде жобалау процесінің және жүйенің өзінің тексерілу (яғни, сараптамаға және талдауға дайындығын) қажеттілігін назарда ұстаулары тиіс.

Ескертпе − Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу үлгісі басқа жүйені басқаруға және осы сипатталып отырған үлгімен тиісті қызметтік мүмкіндіктермен өзара қатынасты білдіре алмайды.

4.1. Үлгі және қызметтер

Төменде көрсетілген үлгі, қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алуды қамтамасыз ету үшін қолданылатын қызметтерді бейнелейді.

4.1.1 Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу қызметтері

Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алуды қамтамасыз ету үшін мынадай қызметтер жиынтығы қажет:

– **оқиғалар дискриминаторы**, оқиғаның бастапқы талдауын қамтамасыз етеді және оны журналға жазу үшін қауіпсіздік оқиғаларын тіркеушіге және/немесе дабыл белгілерін өңдеу процессорына жіберу туралы анықтайды:

– **қауіпсіздік оқиғаларын тіркеуші**, қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналынан алынған және сақталған хабарламалардан қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбаларды қалыптастырады;

– **дабыл белгілерін өңдеу процессоры**, қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарламаны және дабыл белгісіне жауап ретінде тиісті іс-әрекетті қалыптастырады;

– **есепке алу журналының талдаушысы**, қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналын тексереді, және қажет болған кезде дабыл белгісін және қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарламаны қалыптастырады;

– **есепке алу журналының инспекторы**, бір немесе бірнеше қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдарынан қауіпсіздік оқиғалары туралы есептер қалыптастырады;

– **жазбалар провайдері**, белгілі бір өлшемдерге сәйкес қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбаны қамтамасыз етеді;

– **есепке алу журналының мұрағатшысы**, қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналының бір бөлігін мұрағаттайды.

Үлестірілген қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы деректерін және жедел хабарлау деректерін қолдау үшін мынадай қосымша қызметтер қажет болуы мүмкін:

– **есепке алу журналының жинаушысы**, үлестірілген есепке алу журналдарын қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдарына жинауды жүзеге асырады;

– **есепке алу журналының диспетчері**, есепке алу журналын жинаушыға қауіпсіздік оқиғаларының есепке алынған үлестірілген деректерін ішінара немесе толық беруші.

4.1.2. Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу үлгісі

Төменде сипатталған қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу үлгісі бірнеше кезеңдерді көздейді. Оқиғаны табу және оны жүйені қорғау қатынасы пәніне сәйкестендіру орындалуы тиіс. **Оқиғалар дискриминаторы** қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламаны және/немесе дабыл белгісін қалыптастыру қажеттілігін анықтау үшін оқиғаны бағалайды. Қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламалар **қауіпсіздік оқиғасын тіркеушіге**, дабыл белгілері **дабыл белгілерін өңдеу процессорына** бұдан әрі іс-әрекетті бағалау және анықтау үшін жібереді. Қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламалар одан кейін пішінделіп, қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбаларға айналады, ал олар әрі қарай қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына жазылады. Есепке алу журналындағы бұрынғы жазбалар мұрағаттануы мүмкін, ал есепке алу журналының өзі мен оның мұрағаты тапсырылған өлшемдерге сәйкес қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналының нақты жазбаларын таңдау жолымен қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламаны жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу нәтижесі талдануы мүмкін, және қауіпсіздік оқиғалары туралы және/немесе дабыл белгілері туралы есептер қалыптастырылуы мүмкін. Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу үлгісі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет − Қауіпсіздік оқиғасын және оларды жедел хабарлауды есепке алу үлгісі

4.1.3 Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу қызметін топтау

Үлгіде ұсынылған қызметтер жүйенің бір құрамдас бөлігінде оқшауланууы немесе жүйенің бірнеше құрамдас бөліктеріне бөлінуі мүмкін. Бұл қызметтер сонымен қатар әр түрлі түпкі жүйелерде орналасуы мүмкін және қайталануы мүмкін. Кейбір жағдайларда, мысалы, тиімділікті бағалау кезінде бұл топтауға қатысты қызмет үшін пайдалы. Көбінесе, бір қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналмен жұмыс істейтін **қауіпсіздік оқиғасын тіркеуші, есепке алу журналының диспетчері, жазба провайдері** және **есепке алуды талдаушы**, автоматты түпкі жүйе бөлігін қалыптастыра алады.

Топтың басқа мысалы – қорғау аудиторы үшін пайдалы болуы мүмкін **есепке алу журналының инспекторы** және **есепке алу журналының талдаушысы.**

Сатылау тәсілімен орналастырылған қызметтердің бірізділігі болуы мүмкін, мысалы, бөлінген қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы түрінде. (2-сурет). Мұнда бір жүйенің *есепке алу журналын жинаушы* басқа жүйенің *есепке алу журналы диспетчерінен* мәліметтерді жинайды. Мұндай бірізділік, егер жүйе *есепке алу журналдарының диспетчері* қызметін қолдамаса, аяқталады: мұндай жағдайда бұл жүйе өзінің *қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналын* мұрағаттау үшін мүмкіндігі болу үшін *есепке алу журналының мұрағатшысы* қызметін қолдауы тиіс.



2-сурет − Қауіпсіздік оқиғасын есепке алудың бөлінген деректері үлгісі

Қандай қызметтерді топтау туралы шешім, егер мұндайлар бар болса, іске асыру мәселесі болып табылады. Жоғарыда айтылған мысалдар тек безендіру ретінде беріледі.

4.2. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу кезеңдері

Қауіпсіздік оқиғасын есепке алу сервисі қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналында табылуы және тіркелуі тиіс оқиғаны, сондай-ақ дабыл белгілерін және қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама шақыруы тиіс оқиғаны анықтау және таңдау мүмкіндігімен тексеруге рұқсат береді.

Қауіпсіздік оқиғасын есепке алу тәртібі мынадай кезеңдерден тұруы мүмкін:

– табу кезеңі, қорғаныс жүйесімен байланысты оқиғаны табу жүзеге асырылады;

– анықтау кезеңі, оқиғаны қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналына жазу немесе дабыл белгісін көтеру қажеттігі анықталады;

– дабыл белгісін өңдеу кезеңі, дабыл белгісі немесе қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама беріледі;

– талдау кезеңі, қорғаныспен байланысты оқиғамен бірге және есепке алу журналында тіркелген алдын ала табылған оқиғамен түпнұсқада бағаланатын, сондай-ақ әрекетердің бірізділігі анықталады;

– агрегирлеу кезеңі, бөлінген қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдарындағы жазбалар бірыңғай есепке алу журналына жиналады;

– есепті қалыптастыру кезеңі, есепке алу журналдары жазбаларынан қауіпсіздік оқиғалары туралы есептер қалыптасады;

– мұрағаттау кезеңі, есепке алу журналының жазбалары есепке алу журналының мұрағатына беріледі.

Суреттелген кезеңдердің әр түрлі уақытта болуы міндетті емес, олар уақытта «жабылып қалуы» мүмкін.

4.2.1. Табу кезеңі

Табу кезеңі қорғаныс жүйесімен байланысы болуы мүмкін оқиға болды ма, әлде жоқ екендігін анықтаудан тұрады. Мұндай оқиғаға қандай әрекеттердің жауап ретінде қабылдануы тиістігін іс жүзінде анықтау оқиға дискриминаторының міндеті (4.2.2- тармақты қараңыз), бірақ кейбір жағдайларда қауіпсіздік саясатымен анықталғандай, дабыл тез арада қосылуы мүмкін.

4.2.2. Анықтау кезеңі

Қорғаныспен байланысты оқиға табылса, оқиға дискриминаторы әрекеттердің тиісті бастапқы бірізділігін анықтайды. Әрекеттер мыналар қатарынан болуы мүмкін:

– ешқандай әрекет жасамау;

– қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама беру;

– дабыл белгісін қалыптастыру және қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлау.

Нақты оқиғаға қандай қатысты әрекеттер бірізділігі таңдалып алынатыны туралы шешім қолданыстағы қауіпсіздік саясатына байланысты.

4.2.3. Дабыл белгілерін өңдеу кезеңі

Дабыл белгілерін өңдеу кезеңінде процессор әрекеттердің дұрыс бірізділігін анықтау мақсатымен мұндай оқиғаны талдайды.

Әрекет мыналар қатарынан болады:

1) ешқандай әрекет жасамау;

2) қалпына келтіру әрекетін инициализациялау;

3) қалпына келтіру әрекетін инициализациялау және қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама шығару.

Әрбір оқиға үшін әрекеттердің қандай бірізділігі таңдалып алынатыны туралы шешім қолданыстағы қауіпсіздік саясатына байланысты.

Ескертпе − 2) және 3) тармақтары аталған оқиғаны қабылдауды белгілі бір тұлғаның, мысалы, қорғау офицерінің немесе қауіпсіздік оқиғасын есепке алу әкімшісінің назарына салуы мүмкін.

4.2.4. Талдау кезеңі

Талдау кезеңінде қорғаумен байланысты оқиға әрекеттердің тиісті бірізділігін анықтау мақсатымен өңделеді. Бұл процесс қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналында жазылғандай бұрынғы қорғаумен байланысты оқиғалар жүйесіне қатысты ақпаратты қолдануы мүмкін.

Әрекет мыналар қатарынан болады:

– ешқандай әрекет жасамау;

– дабыл белгісін беру;

– қауіпсіздік оқиғалары туралы есеп қалыптастыру;

– дабыл белгісін беру және қауіпсіздік оқиғалары туралы есеп.

Келтірілген төрт әрекет бірізділігінің қайсысының таңдалып алынуы тиістігі туралы шешім қолданыстағы қауіпсіздік саясатына байланысты.

Талдау процесінің бөлігі ретінде қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналындағы және қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналы мұрағатындағы жазбаларды талдау жолымен алдыңғы оқиғаларға сілтемелер жасалуы мүмкін.

4.2.5. Агрегирлеу кезеңі

Есепке алу журналының бөлінген деректерінен қауіпсіздік оқиғалары туралы жеке жазбалар мерзімді түрде бірыңғай есепке алу журналына жиналуы тиіс. Бұл *есепке алу журналын жинаушыны* (жинау нүктесіне) қолдану және *есепке алу журналы диспетчері* (жойылған жүйелерде) қызметін пайдалану кіретін процесс агрегирлеу деп аталады (4.1.3. тармағында белгіленгендей бұл процесс иерархиялық болуы мүмкін)

4.2.6. Есепті қалыптастыру кезеңі

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы қажет болған кезде немесе қауіпсіздік саясатына сәйкес өңделуі мүмкін. Бұл өңдеуге талдау элементі кіруі тиіс және тиісті форматта есепке алу журналы жазбаларымен айлалы әрекетті жаулап алуы мүмкін. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналын талдау нәтижелерінің қорытындылары – бұл қорғаныс қалпына келтіру жөніндегі әрекет қажет болған кезде жүйе шабуылдау әрекетіне көрсететін қауіпсіздік оқиғалары туралы есеп. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналын талдау әсер ету деңгейін бағалау және залалды бақылаудың тиісті тәртібін анықтау үшін қолданылуы мүмкін.

Қауіпсіздік оқиғалары туралы есеп шабуыл нәтижесіндегі залал деңгейін сәйкестендіруге қорғанысты қалпына келтіру үшін қолданылуы мүмкін. Көбінесе, бұл өз құқықтарын жол берілмейтін тәсілмен іске асырушы уәкілетті қолданушымен пайдаланылған ресурстарды сәйкестендіру үшін қолданылуы мүмкін. Қауіпсіздік оқиғалары туралы есеп сонымен қатар, кез келген залалды бағалау және қажетті қалпына келтіру әрекеті мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қолданылуы мүмкін.

4.2.7. Мұрағаттау кезеңі

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналын ұзақ уақыт бойы сақтау қажет етілуі мүмкін. Мұрағаттау кезеңінде қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы ақпаратының бөлігі ұзақ уақытты жады ұстаушысына кіргізілуі мүмкін. Мұрағаттау үшін қолданылатын жады алғашқы жазбалардың тұтастығын қамтамасыз етуі тиіс. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдарын мұрағаттау есепке алу журналы жазбаларының алғашқы қайнар көзінен оқшауланған және алыстатылған болуы тиіс. Қашықтықтан мұрағаттау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі мүмкін.

4.3. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу деректерінің өзара байланыстылығы

Бір немесе одан көп есепке алу журналдарындағы қауіпсіздік оқиғалары туралы әр түрлі жазбалар қандай да бір жолмен бір-бірімен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, біріктіру сұрау салуы көптеген аралық жүйелер арқылы берілуі мүмкін, және нәтижесінде қауіпсіздік оқиғаларын есепке алудың әр түрлі журналдарындағы бірнеше жазбаларды қалыптастыруы мүмкін. Бұл жазбалар уақыт бойынша анағұрлым нақты сәйкес келуі немесе өзара әрекет етуші ретінде сәйкестендірілуі үшін маңызды болуы мүмкін. Басқа мысал, екі әр түрлі оқиғаны әр түрлі қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдарында тіркеуде қай оқиғаның ертерек болғандығын анықтау мүмкіндігі қай жерде маңызды. Әр түрлі оқиғаларды уақыты бойынша өзара байланыстылығын қамтитын мәселелерді талқылау Г қосымшада берілген.

5 Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу саясаты және басқа да аспектілер

5.1. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу саясаты

Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу саясаты қауіпсіздіктің әр түрлі оқиғаларын жинау, жазу (қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына) және талдау үшін қолдануға болатын қорғаныспен байланысты оқиғаларды және ережелерді анықтайды. Ереже ретінде бірнеше

түсініктер қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу саясатына енгізілуі мүмкін. Осы түсініктердің бір немесе одан көбі нақты бір қауіпсіздік саясатына қолданылуы мүмкін.

Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу саясаты әр түрлі деңгейдегі және түрдегі қауіпсіздік оқиғаларын есепке алуды орындауға арналған талаптарды, сондай-ақ дабыл белгілерін қалыптастыру өлшемдерін анықтауы тиіс. Жүйені басқару құралдарының баламалығын сынау, қауіпсіздік саясатымен келісуді растау кезінде және саясатта анықталған өзгерістерді анықтау кезінде қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы жазбаларын және жүйелерді жобалаудың, құрылысын салудың және қызмет жасауының көптеген басқа аспектілерін талдау үшін басқару құралдары мен тәртіптері қажет болуы мүмкін.

Ескертпе − Саясатқа сәйкес қорғаныспен байланысты оқиғаны анықтау тәсілі *ҚР осы* стандарттың қолданылу аумағынан тыс жерде болып табылады.

5.2. Заңдық аспектілер

Көптеген елдерде азаматтардың жеке құпиясын қорғауға арналған заңдар бар. Кейбір жағдайларда бұл ресми емес сипаттағы қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналындағы жазба ұлттық, мысалы, жеке меншікті және жеке ақпаратқа қол жетушілікті қорғауға жататын заңдар шегінде екендігін білдіреді. Мұндай жазбалар рұқсат етілмеген қол жетушіліктен қорғауды талап етуі мүмкін.

Заңды негізделген айғақтар ретінде есепке алу журналы жазбаларын қолдану кезінде мұндай деректерді қолдануға, сақтауға және қорғауға қатысты арнайы талаптар болуы тиіс.

5.3. Қорғауды талап ету

Қорғаудың екі аспектісін қарастыруға болады:

– қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналын және қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу ақпаратын қорғау;

– қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу сервисін қорғау.

5.3.1. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу деректерін қорғау

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына жиналған ақпарат қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламадан немесе қауіпсіздік оқиғаларын есепке алудың басқа журналдарынан тікелей берілуі мүмкін. Сәйкесінше, қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдарының бір немесе одан көп қайнар көздерден жазбаларын агрегирлеу ретінде қарастырылуы мүмкін. Жай жағдайда, қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналында бір жүйемен қалыптастырылған қауіпсіздік оқиғалары туралы барлық жазба болады.

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналы рұқсатсыз ашудан және/немесе рұқсат етілмеген түрлендіруден қорғалуы тиіс. Оны қорғау үшін қол жетімді, құпиялылықты, біртұтастықты және тең түпнұсқалық механизмдерін бақылау қолданылуы мүмкін. Қолданылатын қорғау әдістемесі мысалдарының бірі – бұл жазбаларды салуға немесе бұрынғы жазылған деректерді жоюға жол бермес үшін қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбаны бір реттік жазу мүмкіндігі бар ұстаушыда сақтау.

Қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламалар, дабыл белгілері және қауіпсіздік оқиғалары туралы есептер де заңсыз ашу және/немесе құқықсыз түрлендіруге қарсы қорғалуы тиіс. Бұдан басқа, ақпаратты жіберуші мен алушыда ақпараттың бұзылуын кез келген тәсілмен болдырмау үшін деректер мекен-жайы және қайнар көз үшін белгіленген құпиялылықтың тиісті деңгейі болуы тиіс.

Сонымен қатар бұл ақпараттың ең болмаса бір бөлігінің құпиялылығын сақтау талап етілуі мүмкін. Мұның себептері бірнеше болуы мүмкін:

– жеке меншікке қатысты заңдық аспектілер;

– қандай оқиғалардың тіркелгендігін, қайсыларының тіркелмегендігін ашу;

– жедел хабарлау нәтижесі болып табылатын ықпал етулерді алушылардың (немесе алмаушылардың) сәйкестігін ашу.

5.3.2. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу сервисін қорғау

Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу сервисі оның қол жетімділік деңгейінің қаншалықты жоғарылығына байланысты. Сервистен бас тарту қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жүйеде жедел хабарлауларды есепке алу үшін қауіпті болып табылады. Жедел хабарлау жүйесі әкімшісі немесе қорғау аудиторы үшін арналған ақпарат өзінің құндылығын жоғалтқанға дейін кешіктірілуі мүмкін. Мұндай ақпараттың мекен-жай иесіне уақтылы жетуі төтенше маңызды.

Бұл қорғау аспектілерін әрі қарай талқылау 8-тармақта берілген.

6 Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпараты мен құралдары

Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын өңдеу екі аспектіде қарастырылуы мүмкін:

– күтпеген оқиғаға жауап ретінде қалыптасқан хабарламаны өңдеу (мысалы, қауіпсіздік оқиғаларын есепке алудың алдын ала болжанбаған ақпараты немесе қауіпсіздік оқиғалары туралы жедел хабарлау ақпараты);

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алудың ерекше ақпаратына сұрау салуларын (мысалы, сұрау салынған ақпаратты) өңдеу.

Басқарушы сервистер қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналына қызмет көрсету механизмдерін, қауіпсіздік оқиғасы табылған кезде нақты әрекетті анықтайтын өлшемдерді, сондай-ақ қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын өңдеуді қоса алғанда, қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алудың бірнеше аспектілерін бақылау үшін қажет.

6.1. Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу ақпараты

Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу ақпаратына дабыл белгілері, қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламалар/жазбалар/есептер кіреді

6.1.1. Қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарламалар

Қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама - тексерілген қауіпсіздік оқиғасы нәтижесінде қалыптастырылған хабарлама.

Қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама, мысалы, **оқиға дискриминаторы** көмегімен оқиға жүйесін қорғаумен байланысты бастапқы талдау нәтижесінде немесе **дабыл белгілерін өңдеу процессорымен** немесе **есепке алу журналын талдаушымен** мынадай бақылау нәтижесінде қалыптастырылуы мүмкін.

6.1.2. Қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбалар

«**Қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбалар**» термині қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналында жалғыз жазбаны сипаттау үшін қолданылады. Көптеген жағдайларда бұл жүйені қорғаумен байланысты жалғыз оқиғаға сәйкес келеді, бірақ іске асырудың кейбір нұсқаларында мұндай жазбалардың қорғаумен байланысты біреуден артық оқиға нәтижесінде қалыптастырылуына жол беріледі.

Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналындағы типтік жазба хабарлама көзі мен себебіне қатысты ақпараттан тұрады, және табу және хабарламаны өңдеу процесстеріне тартылған объектілерге қатысты деректерден тұруы мүмкін.

6.1.3. Дабыл белгісі

Дабыл белгісі – бұл қауіпсіздіктің ықтимал бұзылуы және дабыл белгісінің беру шартын қанағаттандырушы ретінде сәйкестендірілген, қауіпсіздік оқиғасы табылғаннан кейін қалыптасқан хабарлама. Бұл бір реттік жағдай және тапсырылған бастамалық мақсат жетістігінің нәтижесі

болуы мүмкін. Кез келген жағдайда дабыл белгісін беру шартын анықтау қауіпсіздік саясатынан кілтті шарт болып табылады.

Дабыл белгісі дабыл белгісін беруді талап ететін штаттық емес шарттардың бар-жоқтығын анықтаған жағдайда **оқиға дискриминаторымен** (штаттық емес оқиғаны бастапқы бағалау нәтижесі ретінде) немесе **есепке алу журналының талдаушысымен** бастама жасалуы мүмкін.

6.1.4. Қорғау есептері

Қорғау есептері – бұл қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналын талдау нәтижесінде қалыптастырылған ақпарат. **Есепке алу журналының инспекторы** бір немесе одан көп қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу журналдарынан есептерді қалыптастыру үшін қолданылады.

6.1.5. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын құрастыру мысалы

Қауіпсіздік оқиғаларын және олар туралы жедел хабарлауды есепке алу ақпараты:

– ақпарат/хабарлама түрінен (яғни дабыл белгісі, қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарлама немесе қорғаныс есебі);

– элементтер айырмашылығын сәйкестендіргіш (мысалы, қорғаныспен байланысты оқиғаға арналған қайнар көзден/мақсаттардан);

– хабарлама себебінен;

– оқиға дискриминаторының, жазбалар провайдерінің және/немесе қауіпсіздік оқиғасы тіркеушісінің айырмашылығын сәйкестендіргіштен тұрады.

6.2. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу құралдары

Қорғаныста тексеруді тиімді қолдану және оқиғаларды тиімді талдауды қамтамасыз ету үшін жүйені қорғаумен байланысты оқиғаларды және оларды өңдеу тәсілдерін анықтау әдістемесі қажет етіледі. Хабарламалар талдауы қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарламаны алғаннан кейін жасалуы тиіс тиісті іс-әрекетті анықтайтын сүзгіден өткізу механизмімен жүзеге асырылады. Сүзгі әрбір түрдегі хабарламаны алған кезде орындалуы тиіс әрекетті анықтайтын (аудиторлық өкілеттіктермен белгіленген) өлшемдерге сәйкес әрекет жасайды. Ықпал жасауы тиіс өлшемдер:

– тәулік уақыты;

– бастапқы мәнге жету оқиғаларының есептеуші;

– оқиға түрі;

– оқиға себебі болып табылатын объект.

Сүзгі тиімді басқару мақсатында нақты қасиеттері және параметрлері бар басқарылатын объект ретінде анықталуы мүмкін.

Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу құралдары қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алуды іске асыру үшін қажетті ақпаратты пайдаланушыға өңдеуге мүмкіндік беретін іріктеу өлшемдерін орнату тәсілдерін қамтамасыз етеді. Кең мағынада бұл құралдар мыналар:

– қауіпсіздік оқиғасын өңдеу өлшемдерін жасау, түрлендіру және жою;

– қауіпсіздік оқиғалары туралы нақты хабарламаны қалыптастыруға рұқсат беру және тыйым салу;

– қауіпсіздік оқиғалары туралы жазбаларды қалыптастыруға рұқсат беру және тыйым салу;

– дабыл белгілерін және/немесе оларға жауап қайтаруды қалыптастыруға рұқсат беру және тиым салу.

Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алудың атқарымдық мүмкіндіктері мынадай:

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын қалыптастыру (мысалы, дабыл белгісін беру, қауіпсіздік оқиғасы туралы хабарлама беру, қауіпсіздік оқиғасы туралы есепті қалыптастыру);

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын жазу;

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын жинау/агрегирлеу;

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын талдау;

– қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу ақпаратын мұрағаттау.

6.2.1. Қауіпсіздік оқиғасын анықтау және талдау. Қауіпсіздік оқиғаларын және жедел хабарлауды есепке алу қызметтері үшін өлшемдер

Дабыл белгісі де, қауіпсіздік оқиғасы хабарлама да оқиға түрін, оның себебін, табу уақытын, аталған оқиғамен байланысты оқиға көрсеткіші мен объект қасиеттері ақпаратының ұқсастығын (яғни, оқиғаның алғашқы себебі болып табылатын әрекеттің субъектісі мен объектісі) сәйкестендіреді.

Өлшемдер ақпараттың әр түрлі түрлерін өңдеу кезінде алдын ала қолданылатын әрекетті анықтау үшін белгіленген. Мынадай өлшемдер анықталған:

1-өлшем. Оқиғаны анықтау

Бұл өлшемдер жүйені қорғаумен байланысты оқиғаны тапқаннан кейін қолданылатын әрекетті анықтайды.

Мүмкін болатын кіру параметрлері:

– қорғаумен байланысты оқиға түрі;

– тәулік уақыты;

– оқиға себебі болып табылатын объектіні анықтау.

Мүмкін болатын шығу параметрлері:

– қолданылатын әрекет;

– қалыптастырылатын дабыл белгісі;

– қауіпсіздік оқиғасы туралы қалыптастырылатын хабарлама.

2-өлшем. Қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналын инспекциялау

Бұл өлшемдер қорғаныс есептерін келісу мақсатында бір немесе одан көп журналдардағы ақпаратты таңдау үшін негіздеме береді.

Мүмкін болатын кіру параметрлері:

– қауіпсіздік оқиғасы туралы жазба түрі;

– қауіпсіздік оқиғасының түрі;

– қаралып отырған оқиғаның пайда болған уақыты;

– ақпарат сұралып отырған объектіні анықтау;

Мүмкін болатын шығу параметрлері:

– таңдалып алынған жазбалар тізімі.

3-өлшем. Қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналын талдау өлшемі

Бұл өлшем есепке алу журналы деректері есепке алу журналының талдаушысымен қалай өңделетінін анықтайды. Қауіпсіздік оқиғасын есепке алу журналы қолданылатын әрекетті анықтағанға дейін пайда болу уақытын және оқиғалардың жиілігін бағалау арқылы талдануы тиіс.

Мүмкін болатын кіру параметрлері:

– оқиға түрі;

– оқиғалар саны;

– оқиғаның пайда болу уақытының кезеңі.

Мүмкін болатын шығу параметрлері:

– қолданылатын әрекет.

